

Н. А. Алдабек, К. Н. Мақашева,  
Қ. И. Байзақова

# ДУНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

## 8-9

### 1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің  
8-9-сыныптарына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72  
A40

**Алдабек Н. т.б.**

A40 **Дүниежүзі тарихы (1900–1945).** Жалпы білім беретін мектептің 8–9-сыныптарына ариалған оқулық 1-белім / Н.Алдабек, К.Макашева, К.Байзакова. – Алматы: Мектеп, 2019. – 216 б., сур.

ISBN 978—601—07—1084—9

A 4306020600—042 5(1)—19  
404(05)—19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(0)я72

ISBN 978—601—07—1084—9

© Алдабек Н., Макашева К.,  
Байзакова К., 2019  
© «Мектеп» баспасы,  
көркем безендірлітү, 2019  
Барлық құқыктары коргалған  
Басылымнын мұліктік құқыктары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі заман тарихының бірінші кезеңін камптын бұл окулықта әлем тарихының өркениет ошактары орналасқан Еуропа, Америка, Азия мен Африка дағы тарихи, экономикалық, алеуметтік, саяси және мәдени дамудың негізгі үдерістері қарастырылады.

Қазіргі заман тарихының кезеңі – жана заман дәуірінен кейінгі, яғни XX ғасырдың басынан бастау алғып күні бүтінге дейінгі кезенді кампиды.

Қазіргі заман тарихының келесі кезендерін төмендегідей бөлу калыптасқан: Бірінші дүниежүзілік соғыс, Интербелтум (екі соғыс аралығы), Екінші дүниежүзілік соғыс, «қырғықабак соғыс» кезеңі және қазіргі заман.

XX ғасырдың бірінші жартысы екі дүниежүзілік соғыстың, сонымен қатар жаңа құндылыктарға байланысты түбекейлі өзгерістер заманы болды. Бұл құндылыктарсыз (еркіндік, демократия, нарыктық экономика, капитализм, социализм т.б.) қазіргі заманды елестету мүмкін емес.

Қазіргі заман тарихын бірнеше кезенге бөлуте болады: соғысттан кейінгі кезең (1945–1953 жж.), «иглікті мемлекет құру» кезеңі (1960–1970 жж. ортасы), неоконсервативтік толқын кезеңі (70 жж. соны – 90-жж. басы). 90-жылдардың басында қазіргі заман келді, ол күні бүтінге дейін жалғасуда.

XX ғасыр бүған дейін болмаған байлыктармен және мүмкін-діктермен бірге өзіне жаңа мәселелерді: жұмысшылардың аса күрделі мәселелерін, ұлтшылдық пен ұлт-азаттық козгалыстардың ершуін, милитаризм мен халыкаралық шиеленістің өсуін алғып келді. Адамзаттың тіршілігінде осы аталған және басқа да мәселелер қалай басталып және қалай шешімін тапқанымен сендер осы окулықтан таныс боласындар.

## ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ

### §1. «ҚАЗІРГІ ЗАМАН» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫң ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### Бұл сабакта:

- «қазіргі заман» ұғымының мәнімен және ережеліктерімен;
- Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі замандағы дамуының ерекшеліктерімен танысады боламыз.

#### Тірек сездер:

қазіргі заман, индустримальды қоғам, капиталистік қатынастар, Батыс пен Шығыс арасындағы қайшылықтар, отаршылдық, қанау, ұлт-азаттық қозғалыстар, отаршыл империялардың ыдырауы

Қазіргі заман тарихы екі кезеңге бөлінеді: *бірінші* кезең ХХ ғасырдың басынан бастап 1945 жылға дейінгі уақытты, осы ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыстың аралығын қамтиды. *Екінші* кезеңге 1945 жылдан бастап бүтінгі күнге дейінгі уақыт жатады.

Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар аралығын белгілеуде (1918–1939 жж.), *интербеллум* термині колданылады.

#### Есте сақтаңдар!

**Интербеллум** – екі соғыс аралығындағы кезең (1918–1939 жж.). Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар аралығындағы 21 жылды қамтиды.

Әлемнің көптеген елдері үшін бұл уақыт аралығы үлкен бетбұрыс кезеңі болды. Қазіргі заман тарихы ұлт-азаттық козғалыстар мен әлеуметтік революциялар, отаршыл империялардың ыдырауы нәтижесінде жаңа мемлекеттердің пайда болуымен сипатталады. Сонымен катар бұл дәүірде құқыктық мемлекет пен қоғамдық құрылыштың күрделі алмасу үдерісі жүрді. Кейбір елдерде социалистік мемлекеттілік қалыптасты. Бұл аймақтық және азамат соғыстары, сондай-ақ

екі дүниежүзілік соғыс оты тұтанған кезең болды. Біркатарап елдер арасында ұзак уақыт бойы бір-бірінен ұлттық, діни, идеологиялық түргыдан алшактану орын алғандығын байқауға болатын еді. Бұған мемлекеттердің әлеуметтік, экономикалық және тарихи дамуы жағынан әрқылды болуы да елеулі асер етті. Өсіреле капиталистік және социалистік мемлекеттер арасындағы бір-бірінен алшактау айқын көрініс тапты. Осы заманда әскери блоктар қалыптасты және бүтінгі күнде де кейбіреулері сакталып, олар халыкаралық жағдайларға асерін тигізіп отыр. Экономикалық жағынан дамыған



Біздің еткеніміз бен бүтініміз

елдер мен бұрынғы тәуелді және отар мемлекеттер арасындағы  
карым-қатынастар шиеленісті және барынша кайшылыкты сипатта  
болды.

### Ойланындар!

XX ғасырдың басында қандай қайғылы оқиғалар болды?

**XX ғасырдың басындағы Еуропа елдері.** XX ғасырдың басында Еуропа мен Солтүстік Америкада әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани өмір саласында ірі өзгерістер болды. Әлемдік тарихтың бұл өтпелі кезеңінде капиталистік буржуазиялық когамның қалыптасуы жүзеге асып, буржуазиялық революциялар дәүірі аяқталды.

Еуропа тарихында үлттық қозғалыстар елеулі құбылысқа айналды. Германия мен Италияда үлттық мемлекеттердің құрылуы, Балкан түбегінде жана тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы Австро-Венгрия, Осман империясы сиякты көпүлтты мемлекеттердің әрі карай өмір сүру мәселесін туындатты. Көпүлтты тұрғындары бар елдерде бірүлтты мемлекет құру мәселесі аз үлттардың жағдайын күрт киыннатып жіберді. Үлтшылдық идеясы енді либерализм идеясымен, ең алдымен, бостандық идеясымен қайши келді. Бұл қайшылыктар XX ғасырдағы дүниежүзі тарихында көптеген касіретті оқиғаларға жол берді.